



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

18 шілде
сейсенбі
№56 (1963)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ: 14 шақырым жылу желісі жөнделуде



САМОКАТҚА ДА БАҚЫЛАУ БАР

Соңғы уақытта қалада самокат тізгіндеген жастарды жиі көреміз. Жүйткіп жүрген олар жол ережесін өрескел бұзып, адам өміріне қауіп төндіретін әрекетке баруда. Неге десеңіз, кейбірі жаяу жүргінші жолынан ретсіз өтіп, автожолға шығу арқылы көлік қатынасына кедергі келтіреді. Жанталаса жарысамын деп жан тапсырғандар бар. Қиысар жолда қақтығыс болып, біріне-бірі соғып кінәлі болып жатқандар да жоқ емес. Сондықтан бұл бағытта қатаң заң, темірдей тәртіп қажет.



Бүгінде билік аталған олқылықтың барын жасырмай, шешуге ұмтылды. Уәжі де орынды. Маман сөзінше, электр самокаттар бағдарламға бағынбай, кептелісте кідірмей, көліктер арасынан қыстырылып өтеді. Жол ережесін бұзу былай тұрсын, қауіпті жағдай туғызу арқылы өзгенің өміріне қауіп төндіру жағдайы көбейген. Жуырда осыған байланысты ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов жана жол жүру тәртібін мәлімдеді. Министрдің айтуынша, жол қозғалысындағы жаяу жүргіншілер мен мопед пен самокат жүргізушілерінің қауіпсіздігі үшін нормативтік актілер қабылданып жатыр.

4 БЕТТЕ

Биылдан бастап елімізде энергия көздерінің жабдықтарын кешенді жаңғырту, сондай-ақ электр, жылу, сумен жабдықтау және су тарту желілерінің тозу деңгейін төмендету мақсатында «Тарифтерді инвестицияға айырбастау» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бұл өз кезегінде саладағы апаттар санын азайтуға және жалпы ұсынылатын коммуналдық қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік бермек.

Осыған сәйкес республикадағы тұрғын үй коммуналдық шаруашылық кәсіпорындарының тарифтер мен инвестициялық бағдарламаларды өзгертуге 200-ден аса өтінім берілген. Оның ішінде жөндеу жұмыстары мен қызметкерлердің жалақысын көтеру, қараусыз жатқан желілерді күту сынды мәселе бар. Жасыратыны жоқ, еліміздегі жылу, электр энергиясы, су және басқа да коммуналдық қызметтермен үздіксіз қамтамасыз ету үшін тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын жаңарту керек-ақ. Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-министр Әлихан Смайылов аталған бағдарлама аясында 2023-2029 жыл аралығында 62 мың км инженерлік желілерді жаңғырту үшін шамамен 3 трлн теңге инвестиция тарту жоспарланып отырғанын жеткізген. Үкімет басшысы қазір орталық және жергілікті атқарушы органдар коммуналдық секторда ауқымды жұмыстар жүргізіп жатқанын айтты. Сондықтан бірде-бір өңір жылыту маусымында апаттарға жол бермеуі тиістігін ерекше атап өтті.

2 БЕТТЕ



Тіршілігі толымды ТАЛСУАТ



Бұл аптадағы біздің бағытымыз – Талсуат ауылдық округі. «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасына орай қалаға қарайтын ауылдардың тыныс-тіршілігін, тарихын саралап шығамыз. Кезінде Әл-Фараби ғұлама «Халық өткен өмір тарихын білмесе, өзінің өмір сүріп жатқан дәуірінің қадірін бағалай алмайды» деген екен. Мақсатымыз – ауылдың өткен шағы мен жаңарған келбетін көзбен көріп, көңілге түйі, бүгінгі ауыл бейнесін сол қалпында оқырманға жеткізу.



Талсуат ауылы Қызылорда қаласынан солтүстік батысқа қарай 9 шақырым жерде орналасқан. Бұрынғы атауы Александровск болған. 1853-54 жылдары қыстаққа Ресейден жер аударылып, көптеген орыс отбасы келген. Ол кезде бұл елді мекен №18 Талсуат ауылдық кеңесі, «Колос» колхозы деп аталған. Кейінірек ауылды «Александровск» деп атап кеткен-ді. Александровск және Геологтар ауылының іргесі 1929 жылы кеңес дәуірінде қаланған. Комсомол ұжымшарының қарамағында болған (қазіргі Қызылжарма ауылдық округі). 1967 жылы Александровск ауылында геологтар мекемесі құрылып, жеке тұрғын үйлер салынған. Мекеменің өз алдына балабақшасы, дүкені, асханасы, клубы, моншасы, орталық жылу жүйесі, ауыссу жүйелері жасалып, жас мамандар осында тұрақтанған. Халық депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі төрағасының 1992 жылдың 4 мамырындағы №27 қаулысымен Қызылжарма ауылдық кеңесінің Комсомол, Геологтар, Александровск ауылдары Қызылорда қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныстылығына берілген. 2005 жылдың қаңтар айында Талсуат ауылдық округі құрылып, Қызылжарма ауылдық округінің құрамындағы Геологтар, Александровск ауылдары Талсуат ауылдық округінің қарамағына берілді.

3 БЕТТЕ

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттауға арналған салтанатты шара өтті. Айта кетейік, бұл шара отбасылық құндылықтардың жандануына, дәстүрдің жаңғыруына, түрлі буын өкілдерінің арасындағы сыйластықтың нығаюына, ұрпақ тәрбиесіне жаңаша дем беріп, өнегелі әулеттердің өрісін кеңейтуге ықпал етуімен құнды. Қала әкімінің орынбасары Дінмұхамед Ермеков жеңіс тұғырынан көрінген отбасыларды құттықтады.



4 БЕТТЕ

БАСПАНА КЕЗЕГІ ҚАЛАЙ ЖЫЛЖИДЫ?

Тұрғындар үшін басты мәселенің бірі – баспана жайы. Бүгінде елімізде халықты баспанамен қамту мақсатында түрлі бағдарламалар жүзеге асып келеді. Мұнан бөлек, үй кезегінде тұрған жандарды баспанамен қамту мемлекет тарапынан жүзеге асып келеді. Бұл орайда қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі халыққа бес түрлі мемлекеттік қызмет түрін көрсетіп келеді. Атап айтқанда, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, тұрғын үй сертификаттарын беру, мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлерді жекешелендіру, қауіпті өндірістік нысандарды салуға, кеңейтуге, жаңғыртуға, және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу және қауіпті техникалық құрылыстарды есепке қою және есептен шығару қызметі бар.

2 БЕТТЕ



БИОЫРҒАҚҚА БЕЙМДЕЛДІҢІЗ БЕ?



5 жыл бұрын қызылордалықтар өмірінде өзгеріс орын алды. Үйреншікті уақыттан кейін шегініп, Астана уақытынан 1 сағат қалыс жүрдік. Оған себеп те жоқ емес. Сыр өңірінің уақыт белдеуі елорда уақытына сәйкес емес. Оның үстіне биоырғағы бұзылған жұрттың жұмыс өнімділігі мен тұрмыстық белсенділігі төмендеген. Сөйкесінше, Қызылорда облысын 5-уақыт белдеуінен 4-уақыт белдеуіне көшіру туралы ой-пікір жиіледі. Мұндай ұсыныс қоғам белсенділері тарапынан да айтылып, сол кездегі аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен мақұлданды. Міне, арада 5 жыл өтті. Халық өмірінде нендей өзгеріс орын алды? Уақыт белдеуі тұрғындар денсаулығына қаншалықты әсер етті? Аталған сауалға жауап іздеп көрейік.

4 БЕТТЕ

ҚАЛА ЖӘНЕ АДАМДАР

«ЖҮЗІМ ЕГУДІҢ ҚҰПИЯСЫН ҚЫРЫМҒА БАРЫП ҮЙРЕНДІМ»

Қала тұрғыны, «Қоғам тв» арнасында бейнемонтожер Ержан Батыршаев жүзімнің 50 сортын өсіріп көрген. Жүзімнің қыр-сырын меңгеру үшін ізденуден шаршамаған ол бақшасындағы әр түр 25-30 келі жүзім беретінін айтады. Хоббиін кәсіпке айналдыруды мақсат еткен кейіпкеріміздің ендігі арманы жүзім алқабын жасау.

4 БЕТТЕ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ: 14 шақырым жылу желісі жөнделуде

Үкімет басшысы қазір орталық және жергілікті атқарушы органдар коммуналдық секторда ауқымды жұмыстар жүргізіп жатқанын айтты. Сондықтан бірде-бір өңір жылыту маусымында апаттарға жол бермеуі тиістігін ерекше атап өтті.

Ал өңірдегі жылу беру нысандарының алдағы қыс маусымына дайындығы қалай? Осыдан бір ай бұрын сала мамандарымен жиын өткізген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев дайындық жұмысын осы бастан бақылау керектігін тиісті сала басшыларына нықтап тапсырған еді. Аймақ басшысы қысқа дайындықты уақытылы бастаудың, жылу беру маусымын ақаусыз, апатсыз өткізудің маңызды екенін атап өткен.

– Дайындық жұмыстары басталып кетті. Дегенмен кемшіліктер де бар. Сондықтан ертерек қамданып, алдағы уақытта апатты жағдайларды болдырмау керек. Жөндеу жұмыстары бекітілген кестеге сай орындалуы тиіс, ең бастысы – сапасын қатаң қадағалау керек», – деген болатын аймақ басшысы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты жуырда облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов жылу беру нысандарын аралап, жұмыс барысымен танысқан. Соған байланысты «Қызылорда жылу-электрорталығы» КМК-нда көпшілік штаб отырысы өтіп, онда тиісті сала мамандары жылу беру маусымына дайындықты туралы баяндама жасады. Облыстық энергетика басқармасының мәліметіне сүйенсек, жылу беру маусымына дайындық жұмысы жөнінде облыстық штаб құрылып, жүзеге асуы тиіс іс-шара жоспары бекітілген. Қазіргі таңда аталған шаралар бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде.

Жылу маусымына дайындық жұмыстары облыс әкімдігі және Энергетика министрлігімен әзірленген «Жергілікті жылу энергиясы көзінің дайындығы бойынша Жол картасы» негізінде жүргізілуде. Бұл бағытта облыстық бюджеттен «Қызылорда жылу-электрорталығының» 2 дана газотурбиналық қондырғысы мен КУВ-30 су қазандығы күрделі жөндеуден өтеді. Сонымен қатар кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 9 бу қазандығы мен 1 бу турбинасын, 18 автономды қазандық жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мұндағы жөндеу жұмыстары қазір 52 пайызға

орындалған. Сондай-ақ жаңғыртулы қажет ететін 8,9 шақырым жылу желісінің 8 жобасын жүзеге асыруға республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлінген. Қазіргі таңда оның 7-еуінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Мамандар аталған жоба орындалған жағдайда жылу желілерінің тозуы 2,9 пайызға төмендейтінін айтады.

Бүгінде өңірде 532 білім, 247 денсаулық, 288 мәдениет және спорт нысандарында жылу маусымына дайындық жүргізілуде. Сонымен

қаражатынан 41,3 млн теңгеге 5,1 шақырым жылу құбырын жаңғырту жоспарланған.

«Қызылорда жылу-электрорталығы» КМК маманы Хасен Иманғалиев жылу мерзіміне дайындық барысында қосалқы қондырғылар мен жылу желілеріне температуралық және гидравликалық сынақ жүргізілетінін айтады. Нәтижесінде одан 161 ақау анықталып, бүгінде оның 82-сі қалпына келтірілген. Ал орын алған ақауларды қалпына келтіру жұмысы жоспарға сәйкес жүргізілмек.



бірге 20 әлеуметтік нысанның жылу қазандықтары қайта жаңғыртылатын болады. Оның ішінде 12 білім беру, 5 денсаулық сақтау, 3 спорт ғимараты бар.

Облыстық энергетика басқармасының есебіне, алдағы қыс мезгіліне аймақ бойынша барлығы 238 мың тонна көмір қажет болады. Облыс тұрғындарына оның 205 мың тонна бөлінсе, әлеуметтік нысандар үшін 33 мың тонна қатты отын қарастырылған. Ал қазіргі күні 35,8 мың тонна көмір қоры жасақталып, бағасы 16700-21500 теңге аралығында сатылуда.

Ал қала бойынша барлығы 190 шақырым жылу желілері бар. Оның 35,7-сі магистральды, 154,3 шақырымы – кварталаралық жылу желісін құрайды. Биыл қаладағы жылу желілерінің тозуын төмендету және жылу ысырабын азайту үшін 14 шақырым жылу желісін жөндеу көзделуде. Оған республикалық бюджеттен 8,1 млрд теңгеге 6,6 шақырым, бюджеттік несие есебінен 922,7 млн теңгеге 2,3 шақырым жылу желісі мен кәсіпорынның өз

Өңірдегі жылу маусымына дайындық барысы осындай. Қыстың қақаған суығында жылуысыз, жарықсыз қалған өзге өңірлердегі былтырғы ахуал баршаға сабақ болуы тиіс. Қыстың қамын жаз ойла» деген халқымыз не нәрсеге де мезгілінен бұрын қамданған. Қара суық күнде жылы да жайлы орында бой жылытқанға не жетсін? Қазір бұрынғыдай от жағып, құл шығаратын заман артта қалып, алты ай қыста көпшілік орталықтандырылған жылу жүйесі мен газдың рахатын сезінеді. Сондықтан қала тұрғындары шарышұнақ аязда әлекке түспес үшін тиісті орындар бүгіннен бастап қамдануы керек.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасына, коммуналдық кәсіпорын басшыларына жылу беру нысандарын мерзімдеу жөндеуді, қажетті отын қорын жасақтауды аймақ басшысы қатаң тапсырған. Тапсырманың қаншалықты орындалғаны алдағы жылу беру маусымында белгілі болады.

А.ӘЛІМ

БАСПАНА КЕЗЕГІ ҚАЛАЙ ЖЫЛЖИДЫ?



«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2020-2023 жылдары сатып алу құқығынсыз пайдалануға берілген арендалық үйлер бойынша ақпарат

№	Мекен жайы	кезекке тұрғандар саны	Осы аралықта берілген пәтерлер саны				
			2023ж	2020ж	2021ж	2022ж	2023ж
1	ҮОС ардагері	1					
2	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1442	39	50	15		
3	Халықтың әлеуметтік жағынан осал тобы	10587	161	200	35		
4	Көп балалы отбасылар	4703	380	430	90		
5	Бюджеттік, мемлекеттік қызметкерлер	10905	-	-	-	-	
6	Жалғыз тұрғын үйі апаттық жағдайда деп танылған азаматтар	557	44	50	60	40	
	Барлығы	28195	580 пәтер	730	200	40	

Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі берген мәліметке сүйенсек, бүгінде тұрғын үй кезегінде 28195 отбасы, оның ішінде Ұлы Отан соғысы ардагері – 1, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санаты бойынша – 1442 адам, «Алтын алқа», «Күміс алқамен» наградаланған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградалған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар – 4703, халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарында – 10587, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері, әскери қызметшілер және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар – 10905, жалғыз тұрғын үйі ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен апаттық жағдайда деп танылған азаматтар – 557 адам кезекте тұр.

Айта кетелік, үй кезегі автоматтандырылып арнайы сайтқа орналастырылған. Яғни әрбір тұрғын өз кезегін сайт арқылы көріп, кезектің жылжу барысын да өзі бақылап отырады.

– 2022 жылы «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою» мемлекеттік қызметін көрсету «Тұрғын үй қоры» сервистік бағдарламалық өнімнен «Kezekte.kz» ақпараттық жүйелер платформасындағы «Shanuaq» ақпараттық қызметіне ауыстырылды. Кезекке қою қызметі қазіргі таңда толықтай автоматтандырылған және «Kezekte.kz» сайтына орналастырылған. Азаматтар кез келген уақытта тұрғын үй алу кезектілігін, кезекте тұрған басқа азаматтардың тізімін көруге мүмкіндік жасалған. Автоматтандырылған жүйе азаматтардың меншігінде үй бар-жоғын, жұмыс орнын, санатын тексеріп, кемшілік болған жағдайда

автоматты түрде шығарады. Автоматтандырылған жүйе өз кезегінде сыйбалас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алып, сыртқы факторлардың орын алуымен тежейді, – дейді қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысы Абзал Рысбекұлы.

Сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан пайдалануға берілген арендалық үйлерді мақсатына сай пайдалануды бақылау мақсатында арнайы жұмысшы тобы құрылып жұмыс істейді. Яғни бұл баспаға мұқтаждық мәселесі шынайы шешімін тауып жатқанына көз жеткізу болса керек.

– Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің 19.12.2022 жылғы №71 бұйрығымен мемлекеттік тұрғын үй қорынан пайдалануға берілген арендалық тұрғын жайларды мақсатына сай пайдалануына түгендеу жүргізу мақсатында жұмысшы тобы құрылды. Сонымен қатар аталған бұйрықтың 2 тармағымен мемлекеттік тұрғын үй қорынан пайдалануға берілген арендалық тұрғын жайларды мақсатына сай пайдалануына түгендеу жүргізу үшін іс-шаралар алгоритмі бекітілді, – дейді Абзал Рысбекұлы.

Ең бастысы, халықты баспанамен қамтамасыз етуге аталған бөлім кезектің жариялы әрі заңдылыққа сай жүргізілетінін қамтамасыз етіп келеді. Бұл орайда «пәтер алып беремін» үшін қарапайым халықтың қалтасын қағып, зар қасқатып кететін алаяқтарға алданып қалмау керек. Бұл мақсатта да бөлім «Заң керуені» акциясын жүйелі өткізіп, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында «Басшылар байланыста» жобасын жүзеге асырып келеді. Басты мақсат – халықтың уақытылы әрі заңдылыққа сай баспаналы болуы.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Басы 1-бетте

ҚАЛА СПОРТЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАЛАЙ?

Шаһарда қарқынды дамыған саланың бірі – спорт. Қызылордалықтардың жеңісті жолынан болек, бой көтерген нысандар, атқарылған мемлекеттік жобалар бұл бағытта дем беріп, аймақ абыройының артуына жол ашты. Спортты серік еткен тұрғындары көбейіп ауқымды қаржының игерілуіне, жаңа есімдердің танылуына мүмкіндік бергені тағы бар. Осы орайда, қала спортының қарқынды бағамдау, жерлеріміздің жеңісті жолын тану кім-кімге болса да қызық екені даусыз.

Алдымен бұқаралық спортты дамытуға тоқталайық. Себебі, жастардың спортпен шұғылдануына жағдай жасау, жан-жақты жетілуіне септесу – мемлекет міндеті. Ал, спорт – мемлекет мәртебесін, ұлттың намысын айқындайтын, халықтың жанкүйерлік рухын көтеретін көрсеткіш. Мұны бұқаралық спорт қозғалысын арттыруға, спорттағы жетістіктерді ынталандыруға бағытталған шаралардан аңғару қиын емес. Тіпті жыл өткен сайын ата-аналардың баласын спорт үйірмесіне беруге ұмтылуы ұлғайып, салаға қызығушылық молайды. Бұндай үрдіс спорттың денсаулық тірегі ғана емес, табыс көзі де екенін дәлелдеген аймақ спортшыларының арқасы.

Алғашқы Жолдауында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұқаралық спортты дамыту мәселесіне назар аударғанын білеміз. Мемлекет басшысы бұқаралық спортты дамытуға арналған кешенді бағдарлама қабылдау керегін алға тартып, бұл қаданның мән-маңызын таратқан болатын.

«Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі де өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек. Балалар үшін спорттық инфрақұрылымның барынша қолжетімді болуын қамтамасыз ету керек. Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуды қажет. Оның басына чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты, мықты ұлтты қалыптастырамыз», – деді Президент.

Сол-ақ екен, облыстарда салаға бөлінетін қаржы көлемі артып, спорт нысандарының саны көбейді. Қызылорда қаласында да қарқынды жобалар жалғасып, бұқаралық спортты дамытуға байланысты жарқын жобалар өмірге келді.

Мәселен, жуырда қала әкімдігі шаһардағы «KEMEL SPORT» спорт клубы мекемесімен келісім шартқа отырып, жаңа бастаманы қолға алды. Нәтижесінде қалада және қалаға қарасты 9 елді мекенде 49 нұсқаушы тұрғындар арасында бұқаралық спортты дамыту, жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында сауықтыру, дене шынықтыру жұмысын жүргізбек. Жоба аясында волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шахматтан секілді спорт түрінен жарыстар ұйымдастырылып, жастардың назарын спортқа бұру көзделген. Ресми дерек бойынша, жобаға 9 мыңға жуық тұрғын қатысады деп жоспарланған.

– Қала тұрғындарының саламатты өмір салтын сақтауын, бұқаралық спорттың дамуына мүдделіміз. Себебі спортқа әуес тұрғын дені сау қоғамды қалыптастырады. Осы ұстаным жетегінде 2023 жыл біршама жұмыс атқарылды. Атап айтқанда футбол, әлеуметтік әлсіз топтағы тұрғындарды қолдау мақсатында ай сайын аз қамтылған және көп балалы отбасындағы балаларға тегін жолдама таратылды. Нәтижесінде, «Евразия» мен «Мұз айдыны» спорт кешендеріне баруға 20 мыңға жуық жолдама берілді. Бұл – бір реттік талондар. Сондай-ақ осы уақытта дейін аз қамтылған, көпбалалы отбасындағы балаларға 4 мың және қала жастарын қол жетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша 2400 жолдама табысталды, – дейді қалалық мәдениет және спорт бөлім басшысының орынбасары Айбек Орманов.

Жалпы, бүгінде бөлім тарапынан жұмыс жүйелі. Бұқаралық спорттық іс-шаралар күнтізбелік жоспар бойынша жүргізілуде.



Қазіргі таңда дене шынықтыру мекемелері, спорт мектептері мен спорт клубтарымен бірлесіп қарқынды қадам жасалды. Мысалы, жыл басынан бері 66 спорттық іс-шара өткізіліп, 9 мыңға тарта спортшы қамтылған екен. Ал бөлімнің ұйытқы болуымен қала көлемінде балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен 41 іс-шара ұйымдастырылып, 7 мыңға жуық оқушы қатысыпты. Бұл аз уақыттағы үлкен қадам екені даусыз.

– Соңғы жылдары қалада спорт алаңдары көбейді. Балалардың спортпен шұғылдануына, бос уақытын тиімді өткізуіне көмектесетін үйірмелер де бар. Осының бәрине ата-ана ретінде қуанамыз. Себебі кешке дейін жұмыста болып, баланың сабақтан тыс уақытына көңіл бөлуге шамамыз келмейді. Қазір компьютерлік ойындардан бас алмайтын заманда баламыздың денсаулыққа пайдалы спортпен шұғылданғаны керек. Бұған дейін көптеген жасөспірімнің шалшы басып, теріс жолға түсуіне бос уақытын тиімді пайдалана алмау ықпал еткен еді. Сондықтан мемлекет тарапынан жас өрендерге жасалған қолдау, оларды спортқа баулу шарасы жүйелі жүргізілсе екен, – дейді қала тұрғыны Жамал Қосанова.



ЖЕМІСТІ ЖҰМЫС

«Бұқаралық спорт – ұлт денсаулығының кепілі» дегенді жиі айтамыз. Ол да негізсіз емес. Өйткені спорт адамға серектік сыйлап, денсаулығын жақсартып, өмірін ұзартады. Оған қоса салауатты өмір салтын қалыптастыруда таптырмас тәсіл. Бұл ретте спортқа көңіл бөліп, саланы жандандыруға септесетін шаһардағы спорт мекемелерінің орны ерек. Олар бөлінген қаржыдан шашу шығармай, мүмкіндік аясында жас жеткіншектерді спортқа баулып келеді. Тіпті табандылық танытып, таланттарды табу жолында ерен ұлес қосқандары да бар. Осындай жүйеміз жұмысын бастаған спорт кешенінің бірі – «Қажымұқан Мұнайтасұлы» атындағы спорт клубы.

Биыл мекемеге қаралған қаржы көлемі 90 млн теңгені құрайды. Спорт клубта спорттың 13 түрінен үйірме ұйымдастырып, 2 мыңға тарта қала тұрғынын шұғылдандыруды міндетке алған. Спорт клубында еркін күрес, дзюдо, таеквандо, кояң-қолтық ұрыс, джиу-житсу, каратэ-до, бокс, панкратион секілді спорт түрінен сандық банкерлер жаттықтыруда.

– Қазіргі таңда қалада барлығы 695 спорттық нысан жұмыс істейді. Оның ішінде: 3 стадион, 10 спорттық кешен, 119 спорт залдары, 6 бассейн, 1 хоккей қорты, 2 ату тирі, 8 теннис қорты бар. Сондай-ақ 105 қосымша салынған және лайықтандырылған ғимарат, 439 қарапайым спорт алаңы, 1 ипподром, 1 жеңіл атлетикалық манежі қолданыста, – дейді.

Расында, бұқаралық спорт өрістеген сайын ұлт болашағына сенім үдейді. Олай дейтініміз, дені сау, спортқа үйір адам мемлекеттің мығым болуына септесіп, пайдалы қоғам құруға қауқарлы. Сондықтан спорт бағытындағы қарқынды қадам қала әлеуетін көтеріп қоймай, тұрғындар өмірін де оң бағытта бұрары анық. Алайда міндет жалғыз мемлекетте емес, қоғамның әрбір мүшесінде екенін ескеріп, бұқаралық спортты дамытуға бірлесіп атсалысқан жөн.

Е.ЯКУДАЕВ

Басы 1-бетте



Тіршілігі толымды ТАЛСУАТ

1967 жылы Александровск ауылында геологтар мекемесі құрылып, жеке тұрғын үйлер салынған. Мекеменің өз алдына балабақшасы, дүкені, асханасы, клубы, моншасы, орталық жылуды жүйесі, ауызу жүйелері жасалып, жас мамандар осында тұрақтанған.

Халық депутаттары Қызылорда облыстық кеңесі төрағасының 1992 жылдың 4 мамырындағы №27 қаулысымен Қызылжарма ауылдық кеңесінің Комсомол, Геологтар, Александровск ауылдары Қызылорда қаласының әкімшілік-аумақтық бағыныстылығына берілген. 2005 жылдың қаңтар айында Талсуат ауылдық округі құрылып, Қызылжарма ауылдық округінің құрамындағы Геологтар, Александровск ауылдары Талсуат ауылдық округінің қарамағына берілді.

Көненің көзі – мектеп

Сыр бойындағы ертеден келе жатқан іргелі білім ошағы – Талсуаттағы №178 мектеп. Оның іргетасы 1929 жылы қаланған. Ауыл тұрғындарының айтуынша, «Колос» елді мекені Сырдария ауданы Комсомол совхозының бөлімшесі болған. Мұнда орыстар көп қоныстанған. Аштық пен қысымшылық көріп, Ресейден ауа көшіп келген орыстар осында тұрақтап қалған. Сондықтан алғаш 1929 жылы ашылған мектеп орыс бастауыш мектебі болған. Бұл мектепті басқарған Петр Павлович Шкрупело деген мұғалім екен. Мектеп сол заманда орыс балаларымен қатар, ересек қазақ жастарын да оқытып, сауатын ашытып, Қазақ балаларына Шайзада Жармағамбетов дәріс берген.

1935-36 оқу жылында осы бастауыш мектеп негізінде 7 жылдық «Шайкөл» орыс-қазақ мектебі болып жұмыс істей бастайды. Мектептің меңгерушілігіне өз заманының алдыңғы қатарлы оқытушысы Жармағамбет Есмағамбетов тағайындалды. Жаңалыққа жаны құмар сол кездегі көзі ашық азаматтар Жалғасбай Ахметов, Құмар Тоқабаев балаларды оқытқан. Математикадан Кемеш Ақдәулетов, қазақ тілі мен әдебиетінен Әсия Палымбетова сабақ беріпті. Сол уақытта мектепте жүздің үстінде оқушы оқыған.

Бір қызығы, мектептің мұғалімдер құрамы әртүрлі ұлттан болған. Төртеуі орыс, екеуі неміс, екеуі татар, біреуі корей екен. Мектеп Ұлы Отан соғысы жылдарында да жұмысын тоқтатпаған. Соғыс басталғанда мұғалімдердің көпшілігі әскерге аттанған. Сол қиын шақта мектепте 350 оқушы білім алған.

Мұғалімдердің орнын қарт мұғалімдер мен жастар алмастырыпты. Сол жылдары Ернар Жүнісов мектепте мұғалім болып қызмет жасаған. Мектеп директоры мен бір топ жастар көптеген қиындыққа қарамастан жастарға білім беруде аянбай еңбек етті. Бір мезгіл колхоз шаруашылығына көмек береді. Сыныптар біріктіріліп, қосып оқыту қиындық келтіреді. Сонда да білім ошағы өз жұмысын атқарған. Соғыстан кейін мектеп директоры болып Бабаж Жөкенов тағайындалды. Соғыстан аман оралған ұстаздар Асқар Елеуенов, Бұрқан Бапалаков, Құлмағамбет Қысықбаев, Жаппар Қуанышбаевтар өз қызметіне қайта оралып, соғыстан кейінгі ауыр жылдарда мектеп жұмысының өрге басуына көп күш салады. 1946-1947 оқу жылында мектепте Сардарбек Нұрмағанбетов пен Мұсылманбек Мажитовтер ұстаздық етті. Осы жылдары Қ.Қысықбаев, Б.Бапалаков, Қуанышбаев сияқты мұғалімдер ауылшаруашылық саласына еңбек етуге кетеді де, олардың орнына Қасымхан Демжанов, Құлбике Аймақова, Ақбазар Байзақова, Гүлсім Нарымбетова, Беренкүл Сүлейменова сияқты кадрлар келеді. Соғыстан кейін өзге ұлттардың еліне қайтуына байланысты оқушылар саны азая бастайды.


1957 жылы колхоздарды біріктіруге байланысты «Колос» елді мекенін «Комсомол» мектебіне қосады. Яғни 1957 жылдан бастап «Колос» елді мекеніндегі «Комсомол» бастауыш мектебі болып қалады.

1954 жылы көктемде Сырдария өзені тасып, елді мекендерді су басып, мектеп үйі де су астында қалады. Алайда оқу жалғаса берді.

Мектеп үйі уақытша №11 аялдамадағы теміржол ғимаратына көшірілді. 1957 жылы мұғалімдер күшімен кесектен мектеп үйі салынып, іске қосылады.

1979 жылы Алматыда «Бастауыш мектептердің оқу-тәрбие жұмысымен жана оқу жылына даярлығы жөнінде» республикалық семинар өткізіліп, «Комсомол» бастауыш мектебі республика бойынша екінші орын алып, мектеп Қазақ ССР оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен және бағалы сыйлықпен марапатталды. Ол кезде бастауыш мектеп меңгерушісі Сардарбек Нұрмағанбетов еді. Мектеп тарихында еңбектері еленіп, бұрынғы одақ кезінде республикалық марапатқа ие болған мұғалімдер де бар. Олар – ардагер-ұстаздар Мұсылманбек Мәжитов, Сардарбек Нұрмағанбетов «Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі» белгісімен және СССР Оқу Министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Басы 1-бетте



Танымал мектеп түлектері

Осы мектепте білім алып шыққан көптеген шәкірттер ғылыми атак алды. Олардың қатарында Пак Владимир Денисович – медицина ғылымдарының докторы, қазір Ақтөбе медицина институтында қызмет істейді. Қайрат Ернарзоров Құрметті құрылысшы, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы және Қызылорда қалалық мәслихатының IV, V, VI шақырылымдарының депутаты болған. Қазіргі уақытта бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты. Туған жерін тұлғатан азамат 2021 жылы мектеп ауласына құны 15 млн тұратын футбол алаңын, 3 аялдама, жаяу жүргіншілер жолын салып, елдің батасын алған. Қандай шара болса да шарапатын тигізіп жүретін халық қалаулысы жомарттықтың үлгісін көрсетіп келеді.

Мектеп тарихында еңбектері еленіп, бұрынғы одақ кезінде республикалық марапатқа ие болған мұғалімдер де бар. Олар – ардагер-ұстаздар Мұсылманбек Мәжитов, Сардарбек Нұрмағанбетов «Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі» белгісімен және СССР Оқу Министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Жаңа дәуір мектебі

Мектеп құрылысына облыстық бюджеттен 136,5 млн теңге бөлініп, құрылысты тендер жеміспазы «Нұрай» ЖШС жүргізді. Құрылыс 2006 жылдың қараша айынан басталып 2007 жылдың желтоқсан айында аяқталып, 2007 жылы желтоқсан айының 25-нен бастап, жаңа үлгідегі типтік 150 орындық жаңа ғимаратқа көшірілді.

Мектеп бүгінгі заман талабына сай, асхана, спорт залы, акт залы, кітапхана, информатика кабинеті, заманауи химия кабинеті, Коворкинг орталығы бар. 18 пән кабинеттерінің 11-і интерактивті тақтамен жабдықталған. Арнайы педагог қызметін ұсынатын дефектолог кабинеті жұмыс істейді. Ауыл тарихынан сыр шертер ауыл мұражайы мектеп ғимаратында орналасқан. Білім ордасында еліміздің түлдене беруіне үлес қосар, ел болашағының білім алып, тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған.

Қазіргі таңда №178 орта мектебін тарих магистрі Динарида Шәдібекова басқарады. ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бисембаевтың Сыр өңіріне сапары барысында мектепке сыйымдылығы 20 орындық жаңа автобус табысты. «Қауіпсіз мектеп» жобасы аясында мектепке биылғы оқу жылында 32 бейнекамера орнатылды. 2022-2023 оқу жылында барлық білім алушылар саны 403-ті құрады.

Мұғалімдер саны – 53, оның ішінде жоғары санатты мұғалім – 1, педагог-модератор – 14, педагог-сарапшы – 13, педагог-зерттеуші – 7 ұстаз, 3 ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлер қызмет етеді. Биология, химия пәндері ішінара ағылшын тілінде жүргізіледі.

№178 орта мектебі бойынша 5-6, 7-8, 9-11 сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық олимпиаданың қорытындысымен бір оқушыға II орын, бес оқушыға III орын және екі оқушыға Алғыс хат табысты.

2-4, 5-7 сынып оқушылары арасында өткізілген республикалық «Зерде» ғылыми жоба бойынша бір оқушы III орын, бір оқушы Алғыс хат алды.

Педагогтар арасында кәсіби байқаудан қала бойынша екі мұғалім II орын, үш мұғалім III орын, облыс бойынша бір мұғалім III орын, республикалық байқауда бір мұғалім алғыс хатқа ие болды.

Мектеп 4 жобамен жұмыс істеуде. Атап айтсақ, «Мектеп парламенті», «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры», «Талсуат жастары» дебат клубы жобасы. Жоба бойынша сыйыс пен байқауға қатысып жүзделі орын иеленуде.

Ауылдық округтегі «Зангар» балабақшасы заманауи ғимаратқа орналасқан. Бүгінде 90 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балабақша меңгерушісі Гүлнар Кенебаеваның айтуынша, барлық топтар жеке жатын, ойын, киім ауыстыратын, жуынатын бөлмелер бар. Балабақша материалдық-техникалық базасымен жабдықталған. Кішкентай балақайларға керемет жағдай жасалған. Ас мәзірі де талапқа сай. Балалар ойын алаңы әдемі бейнделіліп, балаға керемет көңіл-күй сыйлайды.

Бүгінгі ауыл дидары

2445 адамға құтты мекен болған Талсуат ауылдық округі бүгінде мемлекеттік бағдарлама игілігімен өркендеп дамып келеді.

Әлеуметтік ахуалы жақсарған елді мекенде жұмыссыздар саны азайған.

Биыл ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту нәтижесімен 1 тұрғын жастар практикасына, 2 тұрғын «Күміс жас» бағдарламасына қатыстырылған. 9 тұрғын ақалы қоғамдық жұмыспен, 23 тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған.

2023 жылы ауылдық округтің бюджеті 203 900 000 теңгеге түзетіліп, оның 36,9 млн теңгесі игерілген. Ауылдық округ бойынша жылдық жоспар 107,7%-ға орындалған.

Инфрақұрылым игілігі

Ауылдық округтегі 13 көшені электрмен жабдықтау үшін жобалау-сметалық құжаты әзірленіп, «Ауыл-Ел бесігі» жобасымен қаржысы берілген. Қазіргі уақытта жеңімпаз мекеме анықталып, келісім-шартты тіркеу жұмысы жүргізілуде.

Биыл ауылдық округтегі 8 көшеге асфальт төселуде. Олардың қатарында О.Сауытбаев түйісі, Құмкөл, Сейхун, Отырар, Сырдария, 7-ші көше, Көкшетау, Қазалы көшелері бар. Жоба құны 65151,0 теңгені құрайды.

Сонымен қатар «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» аясында Ақтөбе көшесіне жарық шамы орнатылмақ. А.Құнанбаев көшесіндегі балалар ойын алаңына ағымдағы жөндеу жұмысы қолға алынбақ.

Кәсіп түбі – нәсіп

Кәсіпкерлік қазір елді мекендерде дамып келеді. Арнайы бағдарлама игілігін де ауыл халқы көреді. Бұл бағытта Талсуат ауылдық округінде 2168 кәсіпкер тіркелген.

Ауылдық округ әкімі Айбек Жылқыбайдың айтуынша, жыл басынан 13 тұрғын жылқы, қой, түйе, шаруашылығымен айналысуға, жылжымай өсіруге, жүк тасымалдау жобасына жалпы қаражат 6 пайызбен 77 млн 660 мың теңге несие алған. Мәселен, «Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымынан 8 тұрғын 50 млн теңге, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы 2 тұрғын 9,9 млн теңге, 2 тұрғын 2760,0 мың теңге қайтарымсыз грант, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында 1 тұрғын 15 млн теңге иеленген. Айта кетейік, «Қанат» жеке кәсіпкерлік мекемесі атынан Фатима Кемалова 2023 жылдың басында Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 5,5 млн теңге түйе шаруашылығына 6% несие алып, екі түйені батасымен сатып алып, бүгінде игілігін көреді.

Жеке кәсіпкер Дәнес Құнышев, өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 7,5 млн теңгеге жылжымай құрылысын салды. Алдағы уақытта көкөніс өгүмен айналыспақ.

Мәдениет – ел мәйегі

Ауылдық округтегі елдің рухани байлығын дамыту мақсатында 1 ауылдық клуб және 1 кітапхана жұмыс жасайды. Ауылдық клубта 5 үйірме бар. Осы тұста мәдени саланың жетістігін де айрықша атап өтуге болады. Ауылдық клуб қызметкерлері «Дарига Домбыра» халықаралық өнер байқауында жүзделі I орынды иеленіпті. Ал қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Сақтанберген Әлжіковтің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған қалалық байқаудан клубтың үйірме мүшесі Ж.Нұрлыбай бас жүлде иеленіп, ауылдың абыройын асқақтатқан. Өнерлі ауыл халқына жуырда 150 орындық клуб ғимараты пайдалануға берілмек.

Жаңа жоба – жаңалық жаршысы

Бұған дейін қанатқакты жобаларды жүзеге асырған талсуаттықтарға жаңа жобалар көп мүмкіндік береді. «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» аясында ауылдағы Ақтөбе көшесіне түнгі жарықтандыру жүргізілмек. Жоба құны 2054,0 теңгені құрайды.

Осы жоба аясында А.Құнанбаев көшесінде орналасқан балалар ойын алаңын ағымдағы жөндеуге және №7 көшені түнгі жарықтандыруға 5 млн теңге бөлінмек. Сонымен қатар 5 көшені жарықтандыруға жоба-сметалық құжаты жасалып, оң қорытындысы алынды.

Бұған қоса «Ауыл-Ел бесігі» жобасы аясында 4 көшеге жаяу жүргінші жолын салуға жоба-сметалық құжаты жасалып, сараптаманың оң қорытындысы алынған. Ауылдық округ аумағындағы әлеуметтік қызмет көрсететін 3 мекемеге жаяу жүргінші жолын салу үшін 3058,0 теңгеге жоба-сметалық құжаты әзірленуде.

Ауылдағы Сығанақ көшесіне тас төсеу үшін жоба-сметалық құжатының сараптамасы жасалмақ. Жоба құны 617857 теңгені құрайды.

– Елді мекендегі Жанкент, Ақтау көшелері мен №1 және №2 тұйықтарды қайта жаңғыртуға жоба-сметалық құжаты жасалып, сараптаманың оң қорытындысы алынған. Сонымен бірге ауылдағы 1 тұйыққа тас төсеу жұмысын жүргізуге жоба-сметалық құжаты жасалып, сараптаманың оң қорытындысы алынған. Жоба құны 15063,0 теңгені құрайды, – деді ауыл әкімі.

Иә, бұл ауылда қай жағынан қарасақ та алға алымдап өркендеу бар. Туған ауылың көркейтпін жатқан азаматтар да «бәрекеңді» деп ықыласпен берген батаның құдіретімен дәулеті тасып, мерейі өсіп отыр. Сән ұлтқа сая болған Талсуат ауылының көркейе беруіне біз де тілектестік білдірдік.

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген
Нұрболат НУРЖАУБЫ

ОТБАСЫ – ӨНЕГЕ МЕН ДӘСТҮРДІҢ ДІНГЕГІ

Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтың ошағы, яғни кез келген қоғамның дінгегі. Отбасының аман-саулығы – әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Ал шаңырақтың береке-бірлігі – сәбидің, әр баланың болашақ қадамы мен бақытты жүзінде, – делі ол.

Мұнан соң жеңіске жеткен 7 отбасына қала әкімінің алғыс хаты мен арнайы сыйлықтарын табыс етті.

Айта кетейік, байқауға қатысуға 21 отбасы өтініш тапсырған болатын. Комиссияның шешімімен іріктеуден өткен 7 отбасы түрлі номинация және жүлделі орындармен марапатталды. Байқау қорытындысымен «Еңбеккер отбасы» аталымын қала тұрғындары Иманғалиевтер отбасы, «Ұстаздар отбасы» аталымын Тасбоғет кентінің тұрғындары Баймановтар отбасы, «Өнерлі отбасы» аталымын Бектұрғановтар отбасы, «Өнегелі отбасы» аталымын Есжановтар отбасы иеленді. Ал III дәрежелі дипломмен Қызылорда ауылының

Басы 1-бетте



тұрғындары Сапаржановтар отбасы, II дәрежелі дипломмен Қызылорда қаласының тұрғындары Сұлтан отбасы, I орынға Қызылорда қаласының тұрғындары Байдоловтар отбасы лайық деп танылды.

Біз шара барысында жеңімпаз отбасы мүшесі, ғалым Ғани Байдуловтың пікірін сұраған едік.

– Әуелі Алла, сонан соң өкемің қанымен келген қажыры, берген

тәрбиесі, шаңырағымыздағы ақ жаулықты анамыз, сосын үйдегі балаларымның анасының арқасы. 2014 жылы алғашқы рет «Мерейлі отбасы» ұлттық жобасы ұйымдастырылғанда отбасымызбен қатысып, «Мерейлі жас отбасы» атанған едік.

Енді міне, араға 9 жыл салып ұлттық жобаға қалалық кезеге қатысып, «Мерейлі отбасы-2023»

ұлттық жобаның қалалық кезегінен I орынды иелендік.

Бұл жоба еліміздегі отбасы институтын нығайтуға, жас отбасыларға үлгі болатындай үлкен жоба. «Отбасы – шағын мемлекет» деп бекер айтылмаған. Әдетте жақсылықтың бәрі отбасынан басталады. Отбасы – жұртты жақындастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы ерекше ұя. Сондықтан да отбасы – барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым. Әрбір отбасында сүйіспеншілік пен түсіністік мықты болса, қоғамның дінгегі де берік болады. Отанның бір бөлшегі – отбасына ештеңе де жетпейді. Өйткені отбасы – табиғаттың әр адамға сыйлаған керемет бір сыйы. Соны мәңгі есте сақтап, ұмытпаған жөн. Осы ұлттық жобаны ұйымдастырушы қалалық қоғамдық даму бөліміне, Қызылорда қаласы әкімдігіне арнайы алғыс айтамыз, – дейді Ғ. Байдулов.

Шынында, дәстүрге айналған өнегелі шараға жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарлар қатысып, бақ сынады. Ұлттық болмысымызды дәріптейтін, өнеге мен өнерге толы дәстүріміздің алтын бастауындай шараның келер ұрпаққа берер өнегесі мен тағылымы мол.

Г. ҚОЖАХМЕТОВА



САМОКАТҚА ДА БАҚЫЛАУ БАР

«Қазақстанның инфрақұрылымы велосипед жолына 500 шақырым ғана беруге арналған. Сондықтан да самокаттарды жолдың оң жолағымен 18-ге толған, жүргізуші куәлігі бар, қорғау шлемі бар жүргізушілер айдай алады. Қалған жерлерде, мысалы, тротуарда жүретін болса, басымдық жаяу жолушыларға беріледі. Биыл I қантардан бастап самокат жүргізушілерінің қатысуымен 44 оқиға тіркелді. Былтыр I адам қайтыс болды. Осындай статистика бар», – деді Ішкі істер министрі.

Аталған мәселе Мәжіліс отырысында да айтылған болатын. Тіпті, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Құжат аясында электр самокаттардың жолда жүру тәртібі реттеліп, оқпалық реттеледі деген болжам бар.

«Самокат алу заман талабы екені түсінікті. Уақыт үнемдеуге, шығынсыз жүруге көмегі зор. Дегенмен қауіпсіздікті қапы жіберуге де болмайды. Сол үшін осындай қатаң заң қажет-ақ. Жылдамдықты асырып, келеңсіз оқиғаға душар ететін жастар хабарлар болса екен. Осы заңның ішінде түнгі уақытта өзге көлік жүргізушісіне көрінетіндей жарық шағылыстыратын зат тағуға міндеттеу дұрыс. Аталған шешім апаттың алдын алары аян, – дейді қала тұрғыны Мақсат Жолшараяев.

Аталған заң жобасы екі жыл бұрын әзірленген. Алайда электр самокаттарға қатысты техникалық регламент тек 2022 жылдың шілдесінде қабылданған. Жобаға сәйкес электр самокаттар жеке көлік құралы ретінде танылады. Сондай-ақ сағатына 25 км жылдамдықпен жүретін көлік құралдары электр самокат санатына жатады. Электр самокаттар велосипед жолдары мен жол жиектерінде еркін жүре алады. Ал тротуарларда сағатына 6 километрден аспайтын жылдамдықпен жүруге рұқсат етіледі. Оның үстіне, электр самокаттар жол жүру бөлігінің оң жақ шетімен, оның ішінде автобус жолағымен бір қатарда жүруіне болады. Алайда, ол үшін жүргізуші 18 жасқа толуы және шлем киюі керек. Сондай-ақ оның үстінде жарық шағылыстыратын киім мен жүргізуші куәлігі болуы қажет. Бұл –

жаяу жүргіншілер мен жүргізушілер үшін ең қолайлы шешім.

«Кейінгі жылдары электр самокаттардың, гироскутерлер мен монодөңгелектердің пайда болғанын көріп жүрміз. Бізге осындай жана көлік құралдарының жолдармен реттеу мәселелері бойынша өтініш көп түседі. Бұл, әсіресе, мегаполистер үшін өзекті мәселе. Электр самокаттардың жолдармен және тротуарлармен жүруі жаяу жүргіншілер мен жүргізушілерге қауіп төндіріп шығады, – деді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Расында, тротуардағы жылдамдықты шектеу, арнайы шлем тағу – жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің төте жолы. Мұны заңмен бекіту де орынды. Мәселен, Әкімшілік кодекстің 593-бабына сай шлем тақпай жүрген және жолушы тасыған мopedші мен самокатшы 5 АЕК көлемінде, яғни 17250 теңге айыппұл төлейді. Полицейлер тәртіп бұзған тұрғынды бейнекамера көмегімен және патрульдер арқылы анықтайды екен. Бұл көлік тізгін жүргізушінің жауапкершілігін арттыратынын анық.


«Электр самокатта жүктер мен жолушыларды тасымалдауға тыйым салынады. Электр самокат жүргізушілер жол қиылыстары мен жаяу жүргіншілер өткелдерінен жаяу өтуі керек. Жалпы, көліктің осы түрін дамытудағы проблемалардың бірі – арнайы бөлінген жолдар мен жолақтар түріндегі қалалық инфрақұрылымның болмауы. Жекеменшік электр самокаттардың көбеюін, Қазақстан нарығында кикшеринг сервисінің пайда болуын ескерсек, осындай көлікке бейімделмеген, бұрыннан бар инфрақұрылымға түсетін жүктеме жақын арада артады. Сондықтан, біз қала кеңістігін жоспарлауға, ширингтік компаниялардың жауапкершілігіне, көліктің жана түрін тіркеуге жергілікті атқарушы органдардың қатысуын қамтамасыз ету үшін реттеуші құралдардың екінші топтамасын әзірлеуге кірістік», – деген еді Екатерина Смышляева.

Әрине, адам саулығы – басты құндылық. Қауіпсіздік қағидасын бекіткен заңның негізгі ұстанымы да – жолушылар амандығын, жүргізушілер сақтығын. Сондықтан, қала жастары жолда жүру ережесін қатаң сақтап, қауіпсіздікке салғырт қарамауы керек.

Е.ЯКУДАЕВ

Басы 1-бетте

«ЖҮЗІМ ЕГУДІҢ ҚҰПИЯСЫН ҚЫРЫМҒА БАРЫП ҮЙРЕНДІМ»



Үй мен түздің шаруасын қатар алған үлгілі әке бүгінде бір ұл, бір қыз тәрбиелеп, ана орын жоқтатпай еңбек етіп жүр. Осыдан 7 жыл бұрын жүзім егуді қалай бастағанын, қашан қолға алғанын қала тұрғыны Ержан Батыршаев айтып берді.

– Алғашында үйдің айналасындағы бақшаға жүзім еккен едім, алайда ол өнім бермеді. Содан «жүзім неге мол өнім бермейді?» деген сұрақ туындап, «you tube» арнасынан түрлі бейнеролик қарап, жан-жақты ізденіп, зерттеулер барысында жүзімге деген қызығушылығым арта түсті. 2016 жылы жүзім жемісін өсіруді қолға алып, бақшама тәжірибе жасау мақсатында тағы да жүзім ектім алайда өнімді аз берді. Содан 2017 жылы Қырымға барып жүзім жемісінің қыр-сырымен таныстым. Оны егіп, өсіріп, баптау секілді жұмыстарының

қалай жүргізілетінін көріп, ең алғашқы тәжірибедегі жүзімнің сәтсіз шығуының себебін анықтадым. Яғни жүзімнің мол өнім бермеуі қыру жолының дұрыс болмағанында екенін білдім. Одан бөлек, жүзімнен түрлі сусын жасауға болатынын көріп, үйрендім, – дейді қала тұрғыны.

Басы 1-бетте

Бүгінде сүйікті ісін қолға алып, шаршағанда жүзім бағында демалатын Ержан Батыршаев кәзіргі таңда «Қоғам ТВ» телеарнасында бейне монтожер қызметін атқарады. Қызметімен бірге хоббин қатар алып жүрген ол алдағы уақытта осы кәсіпті дамытатынын жеткізді.

Сондай-ақ кейіпкеріміз айтып өткендей, шетелдерде жүзімнен шырын, сусын, тосап, шарап секілді сусындарды тұр-түрін өндіреді. Ал қалдықтарынан сірке қышқылы, этил спирті, эфир майын шығарса, одан бөлек жүзімді кептіріп, мейіз жасайтын көрінеді.

– Алдымен жүзімнің сортын дұрыс таңдау керек. Жүзім негізгі асханалық және техникалық болып екіге бөлінеді. Оның асханалық түрі күнделікті жеуге жарамды, ал техникалық жүзімнен шырын, шарап, тосап секілді тағы да басқа өнім түрін шығаруға болады. Мен соның ішіндегі асханалық түрінен жүзімнің 50 сортын жылыжайда өсірдім. Алайда алқапқа ету барысында су тапшылығынан шықпай қалды. Кейін ойлана келе ең алдымен үйдің айналасындағы бақшаға ектім. 2021 жылы ойлаған ісімді жүзеге асыру үшін көктем мезгілінде бақшадағы жерді дайындап, тереңдігі 60 см болатын шұңқыр қаздым. Қазылған әр шұңқырдың арақшықтығын 1,5-2 метрге дейін создым. Себебі арасы жақын болса өнім бермейді. Сол үшін қазу барысында әр қашықтыққа мән беріп, ішіндегі барлық құмын сыртқа шығарып, екі шелек көң салдым. Одан кейін нитроаммофоска дәрісінен бір кесе салып, бетін 10 сантиметрдей көміп тастадым. Құз мезгілі келгенде ету жұмысын бастап, 10 күнде бір рет суардым. Осылайша отбасым үшін үйдің айналасындағы 10 сотық жерге жүзімнің асханалық түрін баптап, күтіп, қыру жолын орымен жасап едім, бір жылда 2 метрге дейін өсіп, бір түптен 25-30 кг өнім салды, – дейді телевидение саласының бейне монтожер маманы Ержан Батыршаев.

Ендігі кезекте «техникалық түрін егемін» деген Ержан Батыршаев осымен тоқтамақ емес. Ол адам ағзасына пайдалы, дертке шипа, жүзім түрін бірнеше гектар жерге егуді жоспарлап отыр. Осы ісін жүзеге асыру үшін ең алдымен аяқсу бар жер қарастыратынын айтып, алдағы уақытта демеушімен келіссөз жүргізуге, бизнес жоспарын дайындап қойғандығын жеткізді.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Басы 1-бетте

Уақыт белдеуінің өзгеруі алдымен денсаулыққа пайда әкелуі қажет еді. Олай дейтініміз, уақыт белдеуін өзгертуге ұмтылған азаматтардың басты уәжі – қызылордалықтардың табиғи биорығакқа илесе алмай жүргені-тұғын. Қарапайым тілмен айтқанда, тұрғындардың ұйқы жүйесі бұзылып, табиғи мезгіл ауанына сәйкес жүрмеген. Оны қыс мезгілінде жұмысқа таң қаранғысында бару, кеш ұйықтау секілді өзгерістерден аңғаруға болады. Уақыт өзгергені мұндай оқпалық шешіліп, халық бірсарын жүйеге түскен секілді.

– «Биорығак» сөзінің қолданысқа енгеніне көп болмады. Алайда бұл өмір үшін маңызды сала. Себебі көңіл құйыміз, белсенділігіміз тәулік пен жыл мезгіліне тікелей байланысты. Оған қоса сыртқы факторлар әсерінен өзгеретін қандағы гормондарға да уақыт ырағатының

Басы 1-бетте

әсері мол. Мәселен, күн жарықта ағза энергия жұмсаса, түнде жасушалар «түзіледі». Сондықтан біз тиісті уақыттан кешкігіп демалып, жұмыс істесек, биорығак бұзылады деген сөз. Сір өңіріндегі уақыт белдеуін ауыстыру осы биорығактың уақытынан кешікпей жүзеге асуы үшін орындалды. Яғни, Қызылордала уақыт белдеуі негізінен Меридиан бойынша 2 сағат 38 минутқа айырмашылық бар еді. Осы оқпалық қалыпқа келді, – дейді психолог Майра Құсайынова.

Расында, Сыр өңірінің табиғи биологиялық уақыттан ауытқушылығы бары бұрыннан айтылған. 10 жыл бедерінде жиі көтерілген мәселе ақыры шешімін тауып, халық көңілі көншіді. Түрлі ғылыми-зерттеу институттары да өмір сүру ритмінің бұзылуы тұрғындардың денсаулығына теріс әсер ететінін растаған. Уақыт белдеуі ауысқалы Қызылорда тұрғын-



БИОЫРҒАҚҚА БЕЙІМДЕЛДІҢІЗ БЕ?

дары да бұл өзгерісті жете сезінген секілді.

Таза географиялық белдеуге сәйкес табиғи уақыт бойынша Қызылорда облысында Астана уақытынан таң бір сағат кейін атып, күн бір сағат кейін батынына белгілі. Мамандардың пікірінше, табиғи, дағдылы, үйреніскен биологиялық уақытты бұзу облыс халқының тұрмыс-тіршілігіне, көңіл-күйіне, денсаулығына кері әсерін тигізіп, жылдар бойы қалыптасқан өмір сүру ырағатын бұзған.

– Бұрынғы уақыт белдеуі қолайсыз еді. Балалар тас қаранғыда мектепке баруға мәжбүр болды. Ұйқылары қанбағандықтан, сабақ үлгерімдері нашарлады. Адамдар уақыттан жаңылысып, табиғи ырағат бұзылды, қолайсыздық жүйке жүйесіне кері әсер етті, денсаулықтары сыр берді. Қазір бәрі керісінше. Уақыт айырмашылығы бір сағат кейін. Асығып-аптықпайсың. Ұйқың қа-

нады. Денсаулығыма оң әсер берді, – дейді қала тұрғыны Максұт Жолдасов.

Расында уақытынан ерте ояну – қауіп белгісі. Ағза ұйқыдан оянар уақытты өзі бағамдайды. Уақытылы ұйықтаған адам сергек оянып, жайсыздық сезінбеуі шарт. Биорығак деген осы. Олай болмаған жағдайда ағза қарсылық көрсетпек. Яғни, адамдарды өзге географиялық уақыттымен таңның атуынан бұрын мәжбүрлен тұрғызу созылмалы аурулардың өршуіне, обыр, қантәмірлері жүйесі аурулары мен суицидке әкеліп соғуы ықтимал.

– Биорығактан тыс қимыл денсаулыққа әсер етеді. Тіпті, жол-көлік оқиғаларының көбеюіне де себеп болады. Әсіресе, «күзгі-қысқы» уақыттарда, ең бірінші балалар мен егде кісілердің саулығына кері әсері мол. Мәселен, Дания ғалымдары ұйқы бұзылған жағдайда әйелдердің төс обыры ауруы 1,5 есеге артағанын дәлел-

депті. Мелатонин обыр клеткалары жайылуын тоқтататын бұрыннан белгілі. Ал ол таң атысынан бұрын тұрған жағдайда адам ағзасынан дұрыс бөлінбейді. Ұйқыдан тұрған адамның қан қысымын жоғарылататын норедоналин мен картизол да ұйқыдан таң атысынан бұрын тұрған жағдайда қан құрамына енбейді. Норедоналин мен картизол болмаса, инфаркты ұшырау оңай, – дейді Майра Құсайынова.

Байқасақ, адам тұрмысында уақыт өлшемі әсер етпейтін бірде-бір бағыт жоқ. Сол себепті уақыт белдеуін ауыстыру кезек күттірмейтін қадам еді. Белсенділердің ұйтқы болуымен арнайы сауалнама жүргізіліп, қарапайым тұрғындар пікірі де ескерілді. Халық та қарап қалмай, бұл шешімді қос қолдап қолдады. Нәтижесінде 70 пайыз тұрғын уақыт белдеуін өзгерту қажет деген пікір білдірген еді.

Берен ШАҒЫРОВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескерілген.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3025 Тапсырыс №1112

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА